

Жарнама

«Шахтинск технологиялық колледжі» КМҚК 1 бірлік Жатақхана тәрбиешісі бос лауазымына конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды. (занды мекен жайы: 101600, Шахтинск қ., Абая Құнанбаев даңғылы, 9 үй. Байланыс телефоны: 8(72156)50177, e-mail: shah-tehn@krg-edu.kz)

Лауазымдық айлықақы:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық айлықақысы	
	min	max
B-3-4	124 586	148 300
B-4-4	117 508	132 019

Күжаттарды қабылдау мерзімі: 21.08.2023 ж. - 28.08.2023ж.

Конкурсты өткізу орны: Шахтинск қ., Московская көшесі 30 үй

Конкурсқа қатысуышыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, жұмыс еңбек өтіліне талап қойылмайды немесе техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі, жұмыс еңбек өтіліне талап қойылмайды; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер мамандығы бойынша жұмыс еңбек өтілі – 5 жыл; және (немесе) мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог – зерттеуші үшін кемінде 4 жыл.

Лауазымдық міндеттері:

- жатақханада сыныптан тыс тәрбие және мәдени-бұқаралық жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;
- тәрбие жұмысының мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіреді;
- білім алушылардың спорттық-сауықтыру және әскери-патриоттық тәрбиесін жүзеге асырады;
- баланың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді, тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес олардың занды құқықтары мен мұдделерін қорғайды;
- жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- ата-аналармен немесе қамқоршылармен байланыс орнатады;
- білім алушылармен жеке жұмыс жүргізеді;
- білім алушылардың өмірі мен деңсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерінің талаптарын орындаиды;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерінің талаптарын орындайды.
- **Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі (электрондық немесе қағаз түрінде):**

- 1) осы Қағидалардың 10-қосымшасында берілген нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты түрғылықты мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілген-бар болса);
- 4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № КР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша (№075/y) денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- 7) Психоневрологиялық үйымнан анықтама;
- 8) Наркологиялық үйымнан анықтама;
- 9) ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі - ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған бағалау парағы.
- 11) тәжірибе жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы кемінде 15 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.

Кандидат болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Конкурсқа қатысуга құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

2023 ж. 20.08.